

2010

1. ()

2.

3.

3.1. .

3.2.

3.3.

3.4.

4.

5.

5.1.

5.2. -

5.3. « » » « » »

5.4.

5.5.

5.6.

5.7.

;

5.8. -

6.

7.

8.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2010 жылға дейін арналған жоспары

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі (бұдан әрі – Агенттік)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылдың 1 наурызындағы «Қазақстанның әлемдегі барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру бойынша Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 31 наурызындағы №222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы.

Қазақстанның қаржы секторының халықаралық капитал нарықтарымен бірігуін қамтамасыз ететін және халықаралық стандарттарға сәйкес болатын Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын (бұдан әрі – қаржы орталығы немесе АӨҚО) құру және дамыту, шетелдік және отандық инвестицияларды тарту, Қазақстанның бағалы қағаздары нарығын әрі қарай дамыту және оның капитализациясы мен өтімділігін арттыру, жеке тұлғаларды бағалы қағаздар нарығында инвестор ретінде жұмыс істеуге тартып қазақстан капиталын шетелге шығару үшін жағдайлар жасау

- Халықаралық стандарттарға сәйкес және шетел инвесторларын тартуға септігін тигізетін қаржы орталығын институционалды дамыту;

- Брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен шұғылданатын ұйымдардан құралатын кәсіби қатысушылар мен эмитенттерді және институционалды инвесторларды қаржы орталығының жұмысына тарту;

- «Самұрық» Холдингі» АҚ мен «Қазына»ТДҚ» құрамына кіретін компаниялар мен басқа да мемлекеттік мекемелердің қаржы орталығының қызметіне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету;

- Халықтың ішкі жинақтарын бағалы қағаздар нарығы арқылы отандық экономиканың модернизациясына қатыстыру;

- Жаңа қаржы инструменттері мен қор технологияларын дамыту және енгізу;

- Бағалы қағаздар нарығы мен қаржы орталығын мемлекеттік реттеуді жетілдіру;

- шетелде Қазақстан Республикасының жағымды инвестициялық беделін қалыптастыру және Алматы қаласының инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- қаржы орталығының қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету.

Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету үшін сәйкес нормативті құқықтық актілерді жетілдіру, мемлекеттік органдар мен «Самұрық» Холдингі» АҚ мен «Қазына»ТДҚ» құрамына кіретін компаниялармен біріккен шаралар өткізу қажет. Сонымен қатар, мөлшері республикалық бюджеттен әр қаржы жылына сәйкес нақтыланатын қаржы бөлуді қажет етеді:

2007 жылы – 2,04 млрд. теңге (2007 жылға арналған республикалық бюджеті қаржатынан);

2008 жылы – 5,4 млрд. теңге (2008 жылға арналған республикалық бюджеті қаржатынан);

2009 жылы – 1,4 млрд. теңге (2009 жылға арналған республикалық бюджеті қаржатынан);

2010 жылы – 1,5 млрд. теңге (2010 жылға арналған республикалық бюджеті қаржатынан).

Бағдарламаны іске асыру ТМД, Шығыс Еуропа және Азия елдері арасында негізгі капитал ағымдарының шоғырлануы мен транзиті үшін халықаралық қаржы нарығының жаңа сегменті ретінде тиімді түрде қызмет ететін Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының құрылуына септігін тигізеді.

2007-2010 жылдар

2.

2005 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі қазіргі кезде отандық қаржы институттары үшін орталық болып отырған Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру туралы шешім қабылдаған болатын. Қазақстан Республикасының қаржы секторының ТМД елдерімен салыстырғанда дамуының озықтығы, жалпы ішкі өнім құрамында қаржы қызметтерінің үлесінің және ішкі жинақтардың тұрақты өсімі, ТМД елдеріне қаржылық капиталдардың экспансиясының басталуы мен қаржы сферасында мамандар құрамының қалыптасуы жоғарыда аталған шешімді қабылдаудың себептеріне айналды. Қазақстан Республикасы экономикасының диверсификациясы, әлемдік экономикаға кірігуі мен бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру процесінде қаржы орталығын құру шешуші мәселелердің бірі болып табылады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының құрылуы мен тиімді функциялауы қаржы секторын әрі қарай дамытумен және ең алдымен отандық бағалы қағаздар нарығының дамуымен тығыз байланысты. Осыған байланысты қаржы орталығын дамыту бағдарламасын брокерлік және дилерлік ұйымдардан құралатын халықаралық қатысушылардың және институционалды инвесторларды тарту мен отандық бағалы қағаздар нарығын әрі қарай дамытуға бағдарланған өңірлік ауқымдағы бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын құрудың орташа мерзімдік стратегиясы ретінде анықтауға болады. Бұл нақты экономика қажеттіліктерін қаржыландырып отандық қаржы капиталының шетелге экспансиясына жағдай жасау үшін капитал нарығында ауқымды қаражат түзуге мүмкіндік береді.

3.

3.1.

Агенттіктің функциялары, қаржы орталығының статусы, қатысушылары мен инфрақұрылымы элементтері «Өңірлік қаржы орталығы туралы» және «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» заңдарында анықталған.

Салық жеңілдіктерін ұтымды пайдалану мен мүмкін қиянатшылықтардың алдын алу мақсатында АӨҚО статусы ерекше құқықтық режим ретінде анықталған. Мұндай статус қаржы орталығының қатысушылары болып табылатын брокерлер мен дилерлерге кеңселерін тек қана Алматы қаласының территориясында ғана ашуға міндеттейді.

АӨҚО территориясында Қазақстанның сот жүйесіне кіретін арнайы қаржы соты құрылды. Бұл соттың статусы облыстық сотқа теңестірілгендіктен сот үкіміне шағымдану процедурасы тек қана Қазақстан Республикасының Жоғары Сотында қаралатын болады.

Бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды іске асыратын өкілетті органның (бұдан әрі - ҚҚА) брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен айналысуға рұқсат ететін лицензиясын иеленген және заңды тұлға ретінде мемекеттік тіркеуден өткен ұйымдар АӨҚО-ның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылады. Осылайша, салық жеңілдіктері іс-әрекеті тікелей қаржы орталығындағы жұмыспен байланысты ұйымдарға ғана берілетін болады.

Агенттік қарамағындағы Халықаралық Кеңес кеңес беру органы болып табылады және оның құрамына қаржы секторында беделі жоғары, қаржы және инвестициялау сфераларының халықаралық деңгейдегі сарапшылары енеді. Халықаралық кеңес келесі бағыттар бойынша қызмет етеді:

- АӨҚО көрсететін қызметтерді, операцияларды, құқықтық режимді және қатысушыларды тарту бойынша ынталандыруды жетілдіру мақсатында АӨҚО қызметіне қатысты мәселерде жетік халықаралық тәжірибені пайдалану бойынша ұсыныстар дайындау;

- АӨҚО-ның қазіргі немесе келешек инвесторларына және басқа қатысушыларына ұсынылатын жағдайларға немесе АӨҚО беделіне нұқсан келтіруі мүмкін жағдайлардың теріс әсерлерін ретке келтіру бойынша ұсыныстар дайындау;

Жоғарыда көрсетілген қаржы орталығының институттары қазіргі уақытта қалыптастырылуда.

3.2.

Қазақстанда бағалы қағаздар функциялауының нормативтік құқықтық базасы құрылды және қор нарығы, орталық депозитарий және басқа да кәсіби қатысушылардан құралатын негізгі қатысушылары анықталды.

Қаржы инструменттерін, пруденциалды нормативтер мен институционалды инвесторлардың инвестициялау ережелерін жасау және жетілдіру аймағында заңнамаларды жетілдіру, миноритарлық инвесторлардың құқықтарын қорғау мен корпоративтік басқару ережелерін жетілдіру, ұжымдық инвестициялау түрлерін дамыту және жеке тұлғаларды бағалы қағаздар нарығында инвестор ретінде жұмыс істеуге тарту бойынша жұмыстар жалғастырылуда, сонымен қатар заңсыз жолмен табылған табыстарды заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы заңды қабылдау жоспарланып отыр. Бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының жоғарыда көрсетілген элементтері мен нормативтік құқықтық база өңірлік қаржы орталығын әрі қарай дамуының негізін қалаушы элементтері болады.

Отандық капитал нарығының ерекшелігі оның құрамдас бөліктерінің даму деңгейінің тең еместігінде. Банк секторы қаржыларының есебінен экономиканың нақты секторын несиелеу көлемдерінің қарқынды түрде өсуі себебінен шаруашылық субъектілерінің отандық бағалы қағаздар нарығының механизмдерін аз пайдаланады және соның нәтижесінде пайда болған жинақтаушы зейнетақы қорлары, сақтандыру ұйымдары мен жарналық инвестициялық қорларынан құралатын институционалды инвесторлардың қаржыларының мобилизациясын байқауға болады. Зейнетақы және сақтандыру активтері түріндегі ішкі жинақтардың айтарлықтай бөлігі банк секторын қаржыландыруға, жанамаланған түрде нақты экономиканы қаржыландыруға пайдаланылады. Үлестік бағалы қағаздар нарығы инвестициялық жобаларды қаржыландыру көзі ретінде әрекет етпейді және қазақстандық компаниялардың нарықтық бағасын көрсетпейді.

Корпоративтік акциялар мен облигациялардың эмитенттері ретінде қаржы ұйымдарының, негізінен банктердің басым болуы қазақстан қор нарығының ерекшелігі болып отыр. 2006 жылдың 1 қаңтарында корпоративтік облигациялардың қор нарығындағы жалпы капитализациясындағы қаржы институттарының облигацияларының үлесі - 91.7%, акциялары үлесі - 43.0% құрады. Облигациялардың қор нарығының салалық құрылымы ондағы экономиканың басқа салаларының (мұнай және газ, тау кен

кешендері, көлік және байланыс, сауда мен азық-түлік өнеркәсібі сияқты) үлесі төмен екенін дәлелдеп тұр. Ал 2006 жылдың 1 қарашасында күйі бойынша акциялар нарығының 40%-ы қаржы институттарының үлесінде, 40%-ы мұнай және газ кешені кәсіпорындарының үлесінде болды. Бұл жағдай инвесторлар үшін нақты қауіп-қатер туғызып, инструменттер портфелін сәйкес түрде диверсификациялауға мүмкіндік бермей отыр. Акциялар нарығын еркін айналымда жүрген акциялар көлемінің төмендігімен сипаттауға болады. Бағалы қағаздар нарығы іс-әрекетін белсенді етуге акционерлік капиталдың бөлшектенуінің орын силшектенуінің орыр

корпоративтік облигациялардың өтелуі мерзіміне дейін ұстап қалуды бақылауға болады. 2006 жылдың 29 қарашасында акциялар мен облигациялардың биржалық нарығының капитализациясы 51.151,5 млн. АҚШ долларын құраған кезде екінші рет айналымға шығару көлемі 4.214,1 млрд. теңгені немесе 8% құрады, бұл бағалы қағаздар нарығының өтімділігінің төмен деңгейінің көрсеткіші болып табылады (1 кесте).

1 . 2000-2006 . (-)

	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006 (29.11)
--	------	------	------	------	------	------	-----------------

Ресми тізімге жіберілген бағалы қағаздар саны (А және В), соның ішінде:
- акциялар

	39	57	88	129	174	235	285
--	----	----	----	-----	-----	-----	-----

соның ішінде акциялар	0,004	0,6	16,1	7,6	24,1	62,9	6,8
соның ішінде облигациялар - екінші рет орналастыру	18,8	46,1	17,2	88,7	132,2	61,8	314,8
соның ішінде акциялар	100,9	269,0	507,3	928,8	1.673,7	2.631,5	4.214,1
соның ішінде облигациялар	67,6	81,1	125,5	263,2	942,3	948,9	1.552,3
соның ішінде АМП	30,0	122,6	244,8	515,4	721,0	1.654,0	2.661,8
	3,3	65,2	200,0	150,2	10,4	28,6	0

«

»

Туынды инструменттерінің биржа нарығын іске қосуға бағытталған ұмтылыстар бірнеше рет орын алғанымен ол әлі де жұмысын бастаған жоқ. Мұның тағы бір себебі туынды инструменттерге жеткілікті сұраныс пен ұсыныс туғызуға қабілетсіз алыпсатарлардың қызығушылығы болып отыр. Соған қарамастан валюталық туынды бағалы қағаздар банктерге, зейнетақы қорлары мен компанияларға валюталық тәуекелдерді тиімді түрде хеджирлеу үшін өте қажет. 2006 жылы валюталық туынды бағалы қағаздардың дамуы биржадан тыс нарықта қарқын ала бастады. Сарапшылардың жүргізген сұраунамалары мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ валюталық сатылымдардың динамикасы бойынша келісімшарттар жалпы алғанда 3 млрд. АҚШ долларынан асады деп пайымдауға болады.

Шетел эмитенттері тарапынан ұсынылатын бағалы қағаздар жоқ. Сонымен қатар, ресейдің бағалы қағаздар нарығы жеткілікті түрде белсенді болып отырғанымен, қазақстандық институционалды инвесторлар берілген нарыққа кесімді ұстау мәселесі мен Ресейде шетелдік кесімді ұстаушыларды мойындамаумен байланысты мәселелердің шешілмегендігі себебінен қатыса алмайды.

3.3.

Банктер, зейнетақы қорлары, сақтандыру ұйымдары мен инвестициялық қорлардан құралатын отандық институционалды инвесторлар отандық бағалы қағаздар нарығының дамуының қозғаушы күші болып табылады.

Ірі институционалды инвестор болып табылатын зейнетақы жинақтаушы қорларының жиынтық активтері 2006 жылдың 1 қазанында 844,5 млрд. теңгені құрады, бұл ЖІӨ 9,54% құрады, сондағы зейнетақы жинақтарының сомасы 830,5 млрд. теңгені құрады. Екінші деңгейлік банктер мен сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері сәйкесінше 6.578,1 млрд теңге мен 114,1 млрд. теңгені құрады. Соңғы 10 жыл барысында отандық қаржы институттарының активтерінің өсу қарқыны жақсы болды және ЖІӨ өсімінің қарқынынан алда жүрді.

2000-2006 жылдардағы активтердің өсу динамикасы мен қатысушылар санындағы өзгерістер төменде көрсетілген (2 кесте).

2 . 2000-2006

(, « » -)

	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006 (9)
Екінші деңгейлік банктер							
- қатысушылар саны	48	44	38	35	35	35	34
- активтер (млн. теңге)	527.949	816.625	1.144.965	1.675.981	2.687.479	4.515.139	6.578.061
- % өзгерістер	+54,8	+54,7	+40,2	+46,4	+60,4	+68,0	+45,7
- бағалы қағаздар (млн. теңге)	мж	мж	194.527	328.325	466.493	651.727	776.700
- % өзгерістер	мж	мж	мж	+68,8	+42,1	+39,7	+19,2
- қатысушылар саны	15	15	16	16	16	14	14
- зейнетақы жинақтары (млн. теңге)	112.649	182.383	269.752	368.348	483.990	648.581	830.496
- % өзгерістер	+74,6	+61,9	+47,9	+36,6	+31,4	+34,0	+28,0
- қатысушылар саны	42	38	34	32	36	37	39
- активтер (млн. теңге)	8.382	15.768	12.507	20.716	44.095	73.346	114.121
- % өзгерістер	+14,9	+88,1	-20,7	+65,6	+112,9	+66,3	+55,6
- активтер (млн. теңге)	нд	нд	нд	нд	389	12.311	22.273
- % өзгерістер	нд	нд	нд	нд	+100	в 31,6 раза	+80,9

Іс-әрекетінің қатаң реттелуі қазақстандық портфельді инвесторлар табының ерекшелігі болып есептеледі, себебі олар консервативті инвесторлар табы (зейнетақы қорлары, банктер мен сақтандыру ұйымдары) болып табылады. Биржалық сатылымдардың қатысушыларын талдаудың көрсеткені шетелдік және жеке

инвесторлардың жоқтығы, ал олардың қатысуы бағалы қағаздар нарығындағы өтімділіктің артуына әсер ететін еді. Осылайша, 2005 жылы брокер-дилерлер мен олардың клиенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарды орналастырудағы үлесі тек 7,0% құрады, сондағы зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен айналысатын ұйымдар мен банктердің үлесі сәйкесінше 64,8% бен 28,0% құрады, бұл консервативті инвесторлар түрінің басымдығының жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Зейнетақы қорлары қаржыларының қатысты болуы инвестициялардың ұзақ мерзімді бағыттылығын көрсетеді.

2006 жылдың 10 айының нәтижесі бойынша бағалы қағаздар нарығында жеке тұлғалардың жандануын байқауға болады. Акция сатып алушы жеке тұлғалардың үлесі 13,8% құрады, бұл өткен кезеңдермен салыстырғанда алға басу болғанымен әлі де тұрақты құбылыс емес. Корпоративтік бағалы қағаздардың биржалық сатылымдарында жеке тұлғалардың қатысу үлесінің төмен болуы объективті факторлармен түсіндіріледі, және Қазақстан Республикасы халқының әл-ауқатының жеткіліксіз деңгейімен байланысты. Бұл жағдай халыққа қор нарығына белсенді түрде қатысуға мүмкіндік бермей отыр.

Акциялар нарығындағы алыпсатарлықтың жоқтығы еркін айналымдағы акциялар санының аздығымен және кейбір компаниялардың іс-әрекетінің ашық еместігімен байланысты. Облигациялар нарығындағы алыпсатарлық облигациялар айналымының төмен көлемімен және мемлекеттік бағалы қағаздар түріндегі тәуекелсіз бағалы қағаздардың табыстылығы сияқты макроэкономикалық параметрлердің бұрмалаушықтармен шектеліп отыр. Инфляцияның жылдық деңгейі 8,5%-дық көрсеткішті көрсетіп тұрған кезде, мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылығының көрсеткіші 3,58% құрады, бұл олардың тиімділігінің төмендігін көрсетеді, ал берілген қаржы инструменттері бойынша табыстылық корпоративтік облигациялардың табыстылығын бағалауда негізгі фактор болып табылады.

Бүтіндей алғанда қаржы инструменттері саласында сұраныс пен ұсыныс арасында тепе-теңдік орын алмай отыр. Зейнетақы қорлары, банктер мен сақтандыру компаниялары болса да олардың сапасы жоғары, табыстылық деңгейі жарамды және оларды экономиканың нақты секторына тартуға мүмкіндік беретін тәуекелдік деңгейі төмен бағалы қағаздары жоқ болып отыр. Сол уақытта шаруашылық субъектілері мұқтаж болып отырған жоғары тәуекелді және жоғары табысты бағалы қағаздарды шығару арқылы ақша тарту үшін мемлекет тарапынан қатаң реттелмейтін инвесторлар мен жарналық инвестициялық қорлардың активтерінің көлемі жеткіліксіз болып отыр. Қазақстандық шағын және орташа компаниялар қаржыландыруды венчурлік жобалар түрінде екінші деңгейлі банктерден немесе халықаралық капитал нарығынан (америка биржалары, Лондон биржасындағы AIM (Alternative Investment Market) алаңы және т.б.) тартады.

Алдыңғы кезеңде отандық институционалды инвесторлардың атап айтқанда жинақтаушы зейнетақы қорларының активтері өсуінің жоғары динамикасы байқалған болатын. 2004-2006 жылдардағы зейнетақы жинақтарының өсу қарқыны 2004 жылдың 24 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1359 қаулысымен бекітілген 2005-2007 жылдарға арналған жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламасында берілген зейнетақы жинақтарының болжанған өсу қарқынынан артық болып отыр (3 кесте). Қазіргі кезде қалыптасқан зейнетақы жинақтарының өсу динамикасын ескере отырып зейнетақы жинақтары орташа есеппен жылына 30%-ға артып отырса, 2010 жылы зейнетақы жинақтары 2,400 млрд. теңгені құрайды деп күтуге болады.

	()						
	2004 ()	2004 ()	2005 ()	2005 ()	2006 ()	2006 (9) ()	2007 ()
Зейнетақылық жинақтар (млн. теңге)	480.000	483.990	618.000	648.581	773.000	830.496	947.000
Жылдық өсім (млн. теңге)	112.000	115.642	138.000	164.591	155.000	107.438	174.000
Орташа айлық жарналық түсімдер (млн. теңге)	10.000	9.637	11.500	13.716	12.900	10.744	14.500
Жылдық зейнетақы жинақтарының өсу қарқыны (%)	30	31	29	34	25	28	22

2005-2007

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ отандық инвесторлар ұзақ мерзімді инвестициялау инструменттері мен олардың ресурстарын тиімді пайдалану үшін мүмкіндіктер түзуге мұқтаждық танытуда.

3.4.

2006 жылдың 1 қарашасында қазақстандық бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен айналысу мақсатында тіркеуден өткен ұйымдар саны 65 жетті. Сонымен қатар 16 тіркеуші бар және 10 банк кастодиалдық қызмет көрсету лицензиясын иеленген.

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында жұмыс істейтін брокерлер мен дилерлердің өзіндік капиталының ең аз көлемі бойынша талаптар жоғары емес болып табылады (номиналды ұстау құқығымен 30 млн. теңге және номиналды ұстау құқығынсыз 5 млн теңге). Осылайша, капитализация деңгейі төмен брокерлер мен дилерлер маркет-мейкерлер ретінде көрініс беріп қызмет етуге қабілетсіз болып отыр. Бұл жағдай сонымен қатар, өтімділіктің жоқтығы мен бағалы қағаздарға деген сұраныстың жоғарылығымен байланысты.

Брокерлер мен дилерлердің капитализациясы мен бағалы қағаздар нарығының өтімділігінің төмендігі биржа нарығында тиімді клирингтік есептеу жүйесін құрып, позициялардың орнын толтыру үшін бағалы қағаздардың қарыздық операцияларын ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді, себебі брокерлік ұйымдардың несиелік тұрақтылығы төмен деңгейде қалып отыр.

Қазіргі уақытта бағалы қағаздар келісімшарттары бойынша қабылданған T+0 есептеу жүйесі қазақстанның бағалы қағаздар нарығында шетелдік институционалды инвесторларының жұмыс істеу мүмкіндіктерін шектеп отыр. Сонымен қатар, «Қазақстан

қор биржасы» АҚ жасалынған келісімшарттардың орындалуына кепілдік бермейді. Қазіргі кезде биржада есептесулерді тиімді түрде кепілдік етуді сатылымдар көлемінің төмендігімен байланысты және содан шығатын тәуекелдердің орнын толтырудың депозиттік маржасы бойынша талаптардың жоғары болуымен байланысты енгізу қиынға соғады. Бұл жағдай шетел инвесторларын тартып биржадағы сатылымдар көлемін арттыру үшін қажет болып табылатын тұрақты жеткізілімді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей отыр.

Жоғарыда көрсетілген факторлар Қазақстанның қор нарығына сыртқы инвестицияларды тартуға арналған тиімді түрде функциялайтын қаржы механизмін құруға кедергі болып, мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын төмендетуде.

4.

Бағдарламаның мақсаты Қазақстанның қаржы секторының халықаралық капитал нарықтарымен бірігуін қамтамасыз ететін және халықаралық стандарттарға сәйкес болатын Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру және дамыту, шетелдік және отандық инвестицияларды тарту, Қазақстанның бағалы қағаздары нарығын әрі қарай дамыту және оның капитализациясы мен өтімділігін арттыру, жеке тұлғаларды бағалы қағаздар нарығында инвестор ретінде жұмыс істеуге тартып қазақстан капиталын шетелге шығару үшін жағдайлар жасау

Берілген Бағдарламаның көрсетілген мақсатына жету келесі міндеттердің шешілуін береді:

- Халықаралық стандарттарға сәйкес және шетел инвесторларын тартуға септігін тигізетін қаржы орталығын институционалды дамыту;
- Брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен шұғылданатын ұйымдардан құралатын кәсіби қатысушылар мен эмитенттерді және институционалды инвесторларды қаржы орталығының жұмысына тарту;
- «Самұрық» Холдингі» АҚ мен «Қазына»ТДҚ» құрамына кіретін компаниялар мен басқа да мемлекеттік мекемелердің қаржы орталығының қызметіне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету;
- Халықтың ішкі жинақтарын бағалы қағаздар нарығы арқылы отандық экономиканың модернизациясына қатыстыру;
- Жана қаржы инструменттері мен қор технологияларын дамыту және енгізу;
- Бағалы қағаздар нарығы мен қаржы орталығын мемлекеттік реттеуді жетілдіру;
- шетелде Қазақстан Республикасының жағымды инвестициялық беделін қалыптастыру және Алматы қаласының инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- қаржы орталығының қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету.

Бұл міндеттерді іске асыру қаржы орталығы мен бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы мен нормативті құқықтық базасын жетілдіру, бағалы қағаздар нарығы мен кәсіби қатысушылардың жұмысын жетілдіру, Алматы қаласының инфрақұрылымын әрі қарай дамыту арқасында жүзеге асырылатын болады.

Міндеттерді іске асыру мемлекет тарапынан инвестициялар қажет ететін болады. Агенттіктің есептеулері бойынша 2007-2010 жылдар аралығында Агенттіктің қызметін қамтамасыз етіп, шаралар өткізу, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының элементтерін қалыптастыру үшін бюджеттен 10 млрд. теңге қаражат бөлінуі қажет.

Қаражаттың бір бөлігі 3-тен 5 жылға дейінгі мерзімге қайтармалы негізде инвестицияланады деп ұйғарылды. Қазіргі кезде жеке капиталдың қатысуымен құрылуы мүмкін емес болып отырған бағалы қағаздар нарығының институттары дами келе біртіндеп жекешеленедіруден өтіп, функциялары жеке секторға берілетін болады.

5.

Қазақстанда халықаралық қаржы нарығының жаңа сегменті ретінде Алматы арқылы Шығыс Еуропа мен Азия елдері арасындағы капиталдың негізгі ағымдарының шоғырлануы мен транзитін тиімді түрде іске асыратын өңірлік қаржы орталығын құру үшін берілген бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру механизмдерін анықтап алу қажет.

Қаржы орталығының қызметі бағалы қағаздар нарығының өтімділігін арттыруға, шетелдіктерді тарту арқылы қатысушылар көлемін арттыруға және теңдестірілген бағалы қағаздар нарығын құру үшін шаралар қолдануға бағытталатын болады. Шетел инвесторлары, брокерлері мен дилерлерінің қатысуы олардың іс-әрекетімен байланысты қаланың ыңғайлы инфрақұрылымы, кеңселері мен білікті мамандарының болуы және іскерлік құжаттаманы ағылшын тілінде жүргізу мүмкіндігі сияқты бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңы техникалық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын, есептесулердің кепілді болуын және қор биржасы жұмысының күн тәртібін уақыт айырмашылығын ескере отырып реттеуді қамтамасыз етуі қажет. Алаң айналымындағы бағалы қағаздар шетелдік инвесторлармен қатар отандық инвесторлар үшін де тартымды болуы тиіс. Қаржы орталығының қызметі бағалы қағаздар нарығын дамыту арқылы экономиканың нақты секторын қаржыландыруға халықтың ішкі жинақтарын тарту үшін жағдай жасауға, және сонымен қатар орташа компаниялардың капитал нарығына қолжетімділігін арттыруға бағытталуы қажет.

Қаржы орталығын дамыту бойынша жобаны табысты түрде іске асыру көп аспектілері бойынша танды бағалы нарығын дамыту бойынша келешекте іске асатын шаралармен тығыз байланысты. Жоғарыда айтылған шаралардың барлығы бір-бірімен байланысты және орталығының отанды және шетел институттары үшін тартымдылығын арттыруға бірдей В септеді.

Бағдарламаны іске асыру бағыттары мен механизмдері алға лман жетіп, міндеттерді іске асыру ма аны .

5.1.

" " D
F

орталығын институционалды дамыту бағалы н инфра халықаралық стандарттарды ескере отырып дамыту бойынша міндеттерді шешуді Ветеді.

Халықаралық стандарттарға сВ йкесарн с ала ын т қаржы орталығының тартымдылығын арттыру мүмкін ем сОсыған б анысҚаза биржасы» акционерлік Алм ңірлік орталығының арн с ала ына айн , онда орталығының қатысушылары инструменттерінің с ылым арыске асыратын болады.

Өңірлік қаржы орталығын тиімді түрде дамыту үшін «Қазақстан қор биржасы» АҚ коммерциялық ұйымға айналдырып Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңына сәйкес жарғылық капиталына қаржы құю қажет.

Биржа мен қаржы орталығын дамытуға бағытталған стратегиялық маңызы бар шараларды іске асыру үшін АӨҚО биржаны басқаруға қатысуы керек. Биржа қаржы орталығы инфрақұрылымының маңызды құрылымдық бөлімі болып табылатындықтан АӨҚО «Қазақстан қор биржасы» АҚ дауыс беру мүмкіндігі бар акцияларының жалпы көлемінен 25% аспайтын бөлігін сатып алуы қажет.

Облигациялар нарығын белсенді ету үшін ұлттық рейтинг агенттігін құру қажет.

5.1.1.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңы қаржы орталығы инфрақұрылымының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. АӨҚО сауда алаңының басқа халықаралық және өңірлік қаржы орталықтарының биржаларына қатынасында бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру оны дамыту бойынша стратегиялық маңызы бар шараларды іске асыруды талап етеді.

АӨҚО арнайы сауда алаңы шетел эмитенттері мен инвесторларының қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етіп, қор биржасы қызметінің халықаралық стандарттарына сәйкес болып, сауда жүйесінің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету үшін қажетті техникалық мүмкіндіктер мен заманауи бағдарламалармен қамсыздандырылған, қаржы инструменттерінің саудасын ұйымдастыру үшін жеткілікті операциялық қуаттылықтың болуын қажет етеді.

Биржаның есептеу палатасы (немесе «Орталық депозитарий» АҚ) халықаралық инвесторларға шамаланған режимде жұмыс істеп, келісімдер бойынша есептесулердің кепілді болуын, клиринг пен неттинг механизмдерін қамтамасыз етуі қажет, бұл биржаның техникалық аудиті бойынша жұмыс жүргізу мен бағдарламалық қамсыздандырылуын жетілдіруді талап мен

5.1.3.

Рейтинг агенттігін құру отандық қарыздық бағалы қағаздар нарығының маңызды элементі болып табылады. Қор нарығының жұмысына шағын және орташа компаниялардың қатысуы олардың кредит төлеу қабілетін нақты бағалауды қажет етеді, бірақ олардың көлемінің кіші болуымен байланысты халықаралық рейтинг агенттіктерін тарту экономикалық тұрғыда тиімді бола бермейді. Қазақстан Республикасының «Секьюриттеу туралы» Заңын қабылдаумен байланысты активтер секьюритизациясы мен инфрақұрылымдық облигациялар нарығының дамуы жаңа қарқын алуы мүмкін, бұл да өз кезегінде осы жобалар мен құрылымдардың дәл бағалануын талап ететін болады.

Рейтинг агенттігі қалыптасуының алғашқы кезеңінде оның қызметі сәйкес деңгейге жетіп, оны кәсіби қатысушылар мен инвесторлар мойындап, тұрақты клиенттер базасын қалыптасырғанша мемлекеттік қатысу қажет болады. Кейініректе, рейтинг агенттігін рейтинг беру туралы шешімдерінің тәуелсіздігі мен жариялылығын сақтай отырып дербес құрылымдарға жекешелендіруге беру жоспарланып отыр. Ол үшін 2007 жылы келіссөздер жүргізіп Еуропа Қайта құру және Даму банкі, ХҚК сияқты халықаралық институттарды немесе жетекші рейтинг агенттіктерін ұлттық рейтинг агенттігін құру ісіне қатыстыру үшін тарту жоспарланып отыр.

Агенттік мемлекеттің қатысуымен 178 млн. теңге көлемінде рейтинг агенттігін құруды және оны кейініректе жекешелендірумен қоса кезеңдеп дамытуды жоспарлап отыр.

5.1.4.

Агенттік қаржы орталығында тіркелген, брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен айналысатын ұйымдардың жұмыс тәжірибесін қарастыру арқасында әкімшілік кедергілерді жойып олардың функциялауын тиімді етуді жоспарлап отыр.

2007 жылы қаржы орталығында қазақстандық кәсіби қатысушыларымен еншілес ұйымдарын құру мен иеленуінің тиімді құрылымын анықтау мақсатында қаржы орталығының қатысушыларының іс-әрекетін талдау бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Бұл қаржы орталығының қатысушылары болып табылатын брокерлер мен дилерлердің іс-әрекетінің заң жүзінде қаржы орталығымен шектелгендігімен байланысты. Бұл жағдай аталған ұйымдардың инвесторларды қаржы орталығынан тыс қызметтермен қамтамасыз ету бойынша іс-әрекеттерінің кеңейтілуі мен халықаралық бағалы қағаздар нарығына шығып әрі қарай дамуына кедергі жасауда.

Агенттік жасанды әкімшілік кедергілерді жойып қаржы орталығының қатысушыларын санын көбейту мақсатында қызмет көрсетіп отырған отандық брокерлер мен дилерлердің салық есептеулерінің бөлінісі мүмкіндігін қарастыруды жоспарлап отыр. Берілген шара брокерлер мен дилерлердің капитализациясының жоғарылауына септігін тигізеді, бұл өз кезегінде қаржы орталығында жұмыс істеудің тәуекелдіктерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Агенттік ҚҚА біріге отырып маркет-мейкер функцияларын дамытуды ынталандыру бойынша шаралар қолданатын болады.

5.2.

-

Қаржы орталығы іс-әрекетінің дамуы мен өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасуы қаржы орталығы қатысушыларының (өңірлік және халықаралық деңгейдегі брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен айналысатын ұйымдар, инвесторлар және эмитенттер) спектрінің кеңеюімен байланысты.

Бірінші кезеңде – 2007 жыл – Агенттік өз іс-әрекетін қазақстандық эмитенттер мен қатысушылардың өтеу спектрін кеңейтуге бағытталатын болады. Осылайша, акцияларының листингі шетелдік бағалы қағаздар нарығында іске асырылатын «Самұрық» Холдингі» АҚ мен «ТДҚ «Қазына» АҚ кіретін компанияларымен, орташа және шағын компаниялармен, Қазақстанда активтері бар эмитенттермен жұмыс жүргізілетін болады. Сонымен қатар, Агенттік листинг талаптарын азайту арқылы қаржы орталығының арнайы сауда алаңында листингтен өтуге қазақстандық шағын және орташа компанияларды тарту үшін жағдай жасайды. Осыған байланысты, облыстық әкімшіліктермен біріге отырып әлеуетті эмитенттермен кездесулер өткізу, қаржы орталығы мен отандық бағалы қағаздар нарығында белсенді түрде пайдаланылатын қаржы инструменттерінің функциялау принциптерін түсіндіру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Агенттік Ресей Федерациясы мен Украина Республикасынан кәсіби қатысушыларды, институционалды инвесторлар мен әлеуетті эмитенттерді тарту бойынша жұмысын жалғастырады. Бұл елдер эмитенттерінің санының көптігі, даму деңгейі мен Қазақстан экономикасымен кірігуінің жоғары деңгейі бойынша анықталды. Сонымен қатар, қазақстандық номиналды ұстаушыларды ресейлік билік мойындауы мақсатында және қаржы орталығының жұмысына ресейлік эмитенттердің қатысуында кезітетін әкімшілік және заңнамалық кедергілерді жоюға бағытталған жұмыс мелекетаралық деңгейде жалғастырылып, келіссөздер жүргізілуі қажет болады.

Қазақстан Республикасымен шекаралас жатқан Ресей Федерациясының облыстарының қазақстандық компаниялармен сауда және қаржылық байланыстары бар, қазақстанның қаржылық жүйесін жақсы түсінетін және АӨҚО акция орналастыруды қаржыландырудың тартымды көзі деп есептейтін әлеуетті эмитенттерімен Агенттік ерекше жұмыс жүргізуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, ТМД басқа елдері үшін де функциялау принциптері мен кедергілерді жою бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Екінші кезеңде – 2008-2009 жылдар – ТМД елдері мен Қытай Халық Республикасының Қазақстанмен шекаралас облыстарында белсенді жұмыс жүргізілетін болады. Қор нарығының қалыптасуы мен оның көлемдерінің өсуі, экономикалық және саяси қарым-қатынастардың әрі қарай дамуы барысында Қытай АӨҚО жұмысына қызығушылық танытатын стратегиялық серіктеске айналуы ықтимал.

Үшінші кезеңде – 2009 жыл – басқа Азия мен Парсы шығанағы елдерімен жұмыс жүргізілетін болады. Қалыптасқан қор нарығы инвестицияға қызыққан азия елдерінің тартымды инвестиция түсіміне айналуы тиіс.

АӨҚО қызметі белсенді болып, қаржы инструменттері ұсынысының кеңеюі мен экономика мен елдің әр түрлі секторларының эмитенттері пайда болған соң өңірлік және сондай-ақ халықаралық қаржы орталықтарынан шетел инвесторларының қызығушылығы артатыны сөзсіз.

Эмитенттер мен қатысушыларды тарту бойынша қызмет атқаруы үшін, семинарлар, жұмыстық кездесулер мен конференциялар өткізу үшін Агенттікке жылына кемінде 100 млн. теңге қажет.

Шетел қатысушылары мен эмитенттерін тартуға бағытталған шаралармен қатар қазақстандық шағын және орта бизнес субъектілерінің қор және облигациялар нарығын экономиканың инновациялық және қарқынды сегменті ретінде пайдалануы мен отандық бағалы қағаздар нарығына шығуға деген қызығушылығын арттыру қажет. Қор нарығының жедел дамуы кезеңінде Агенттіктің жаңа эмитенттермен акцияларын қор нарығының айналымына шығару бойынша және екінші нарықтағы айналымды кеңейту бойынша жұмыс атқаруы өте маңызды болып табылады. Акциялары өтімді эмитенттердің санын арттыру нарықты жандандырып капитализация өсімінің әлеуетін құруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Агенттік басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып көлеңкелік бизнесті қысқарту бойынша жұмысты жалғастырып, корпоративтік мәдениет деңгейі мен меншік иелерінің құрылымдық ашықтығын арттырып, акционерлердің әсіресе миноритарлы акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейту және сонымен қатар индустриалды экономика құру бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл айтылғандар Қазақстан экономикасының ауқымды міндеттері болып табылады.

Меншік құрылымын өзгертуге көмектесу АӨҚО іс-әрекетінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады – акционерлік капиталдың жаппай ұсақ құрылымын қалыптастыру, акциялар нарығындағы ағымдағы операциялардағы отандық жекелеген инвесторлардың үлесін арттыру. Қазақстанда қалыптасқан акционерлік капитал құрылымының басым бөлігін акциялар пакетін толықтай бақылауға ұмтылатын ірі акционерлер алады. Акционерлік капиталдың мұндай құрылымы акциялар нарығының жаппай өтімді болуын (АҚШ сияқты) мүмкін емес етеді, себебі нарықта айналымда акциялар көлемінің аз бөлігі ғана жүреді (қалған акциялар іс жүзінде айналымға түспейтін ірі пакеттерде шоғырланған).

Бағалы қағаздарды шығару бойынша әкімшілік және уақыттық шығындарды төмендету маңызды міндет болып табылады. Бағалы қағаздар нарығын инвестициялар тарту үшін пайдалануға қызығушылықты арттыратын экономикалық шаралар қолдану мүмкіндіктерін қарастыру қажет, мысалы, еркін айналымдағы акциялар көлемін 30% деңгейде ұстап отырып биржа нарығынан қаржы тарту кезіндегі кіріс салығын жартылай төмендету.

5.3. « » » « « »

Қазақстанда құрылған мемлекеттік даму институттары («Қазақстан даму банкі» АҚ), инвестициялық және инновациялық қорлар мақсатты түрде ауқымды инвестициялық жобаларға бағдарланған. Жоғарыда аталған қаржы институттарының халықтың өмір сапасын жақсарту мен экономикалық өж ын

инвестициялық бағдарлобалағжы ас ы

тартуға мүмкіндігі бар ұлттық компаниялардың іс-әрекетінде де ұқсас жағдай орнаған. Осыған байланысты облыс әкімшіліктерінің қарыз алу мүмкіндігін қарастырған жөн.

Сондай-ақ қазіргі уақытта мемлекеттік және жеке меншік кәсіпкерлігінің нәтижесінде түзілген құрылымдар қажеттілігін бағалы қағаздар нарығы арқылы қаржыландыру механизмдері әрекет етіп отырған жоқ. Сәйкес механизмдерді қолдану – активтердің секьюритизациясы, жобалық және инфрақұрылымдық облигациялар шығару ұзақ мерзімдік бағалы қағаздарға мұқтаж болып отырған қазақстандық институционалды инвесторлардың ұзақ мерзімдік қаржыларын тартып, іске қосуға мүмкіндік беретін еді. Жекелеген облигация шығаруға альтернатива ретінде пайлары қазақстандық зейнетақы жинақтаушы қорларына ұсынылатын инвестициялық қорлар түріндегі инвестициялық жобалардың пулын пайдалануға болады. Осыған байланысты қаржы жобаларының коммерциялық өзін-өзі ақтауы мен ұсынылған инструменттерге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру мақсатында жобаларды қаржыландырудың түсімдерінің ағымының бар болуы қарастырылуы қажет.

«Самұрық» Холдингі» АҚ құрамына кіретін компаниялар мен «ТДҚ «Қазына» АҚ кіретін институттар отандық нарыққа бағалы қағаздар шығару арқылы қаржы орталығының қалыптасуы мен дамуына көмектесуі қажет. Берілген компаниялардың инвестициялық қажеттіліктері мен пайдалануы мүмкін әр түрлі қаржы инструменттерін ескере отырып олардың қаржы орталықтың іс-әрекетін белсенді етуге қатысуының келесі варианттары мүмкін:

- «Самұрық» Холдингі» АҚ құрамына енетін компаниялардың акцияларын шығару және оларды қатысушылар арасында жеке инвесторлардың үлесін көбейте отырып орналастыру. Берілген компанияларда корпоративтік басқаруды жетілдіріп, акцияларының тартымдылығын арттыру мақсатында ашық және нақты дивиденттік саясат жасап шығару маңызды факторларға айналады.

- Отандық нарықта салыстырмалы табыстылық деңгейінде қарыздық қаржыландыруды тарту, активтермен қамтамасыз етілген жобалық облигациялар шығару. Осылайша қысқа мерзімдік кезеңде «ТДҚ «Қазына» АҚ компаниялары келесі жағдайларды болжайды:

- «Қазақстанның даму банкі» АҚ 2006-2007 жылдардағы жобаларды қаржыландырудың облигациялық бағдарламаның шеңберінде ұлттық валютада деноминацияланған облигациялар орналастыру мүмкіндігін қарастыруда. Алдын-ала бағалауларға сәйкес бірінші облигациялық бағдарламаның көлемі 30-40 млрд. теңгені құрап және осы бағдарлама шеңберінде 10, 15 және 20 жылдық айналымға арналған үш немесе одан артық шығарылымдар орын алуы мүмкін.

- «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ шағын кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру мақсатында 5 млрд. көлеміндегі екінші облигациялық қарызды шығару мен орналастыру мүмкіндігін қарастыруда.

- Зейнетақы қорлары сияқты ұзақ мерзімді бағыттылығы бар активтердің инвесторлары үшін қажетті дамыту институттарының орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік қаржыландыру үшін инвестициялаудың венчурлік қорларын құру.

- Венчурлік жобалардың іс-әрекетіне қатысу зейнетақы қорларына өз ресурстарын ұзақ мерзімдік жобаларды қаржыландыруға ұсынуына және қатысушылар санының көбеюі есебінен аталған жобалардың тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

- «ТДҚ «Қазына» АҚ компанияларының клиенттерін қор нарығына шығуға дайындау және кеңес беру.

- Ашық нарықта валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша келісімдер жасау арқылы валюталық туынды инструменттерінің нарығын дамытуға қатысу.

Агенттіктің мемлекеттік органдар мен эмитенттермен ірі инвестициялық жобалар бойынша бірігіп әрекет етуі, олардың қажеттіліктеріне сәйкес қаржы инструменттерін дайындау (секьюриттеу, жобалық облигациялар, пул инвестициялық жобалары және т.б.), нарыққа жаңа бағалы қағаздар шығару жолында қазақстандық қаржы делдалдарының бірігуі, эмитенттердің өздеріне алған инвестициялық міндеттерін орындауын бақылау мемлекет экономикасының модернизациясына айтарлықтай үлесін қосатын еді. Осылайша, экономиканың көлік, құрылыс, құрылыс материаларын өндіру, байланыс, энергетика сияқты салаларында ірі және орташа кәсіпорындардан құралған АӨҚО әлеуетті эмитенттерінің жаңа табын түзуге болады.

5.4.

АӨҚО макроэкономикалық саясатының сипаты жарналық инвестициялық қорлар түріндегі ұжымдық жинақтар институттарымен қатар бағалы қағаздармен жасалынатын жекелеген операциялар нарығының қалыптасуына көмектесіп, халыққа көрсетілетін қызмет түрлерін дамытып, тікелей жеке тұлғалармен жұмыс істейтін кәсіби қатысушыларды көбейтуге қызмет етуі қажет. Жеке тұлғалармен жұмыс істеуді ұйымдастырудың инфрақұрылымын құрумен қатар халықтың бағалы қағаздар нарығы туралы, тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы, брокерлер мен дилерлер ұсынатын қаржы қызметтері туралы білімін арттыру қажет. Сонымен қатар қаржы ұйымдарының жұмысына деген халықтың сенімін арттыру қажет, бұл істі аталған ұйымдардың қызметін қатаң реттеу мен олардың функциялауының тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы іске асыруға болады.

Халықтың қолында шоғырланған ірі еркін қаражаттарды ескере отырып бұл жинақтардың бағалы қағаздар нарығын дамыту ісінде тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қажет, бұл эмитенттерді акционерлік капитал құрылымын қаржылық тәуекелдерді делдалдардың көмегінсіз өздеріне алатын жекелеген инвесторлар санын қалыптастыруға бағыттайтын болады. Сонымен қатар бұл ұзақ мерзімдік сипаттағы бағалы қағаздарды меншіктену және мұра ретінде қалдыру институтының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Осы мақсаттарда Қазақстандағы меншік құрылымының мониторингін іске асырып, ең ірі деген эмитенттермен өтімділік қалпын сақтап отырған ұсақ акционерлерге қатысты акционерлік капиталдардың үлесінің өсіміне бағытталған жұмыс жүргізу қажет.

Ұсақ жеке инвесторлардың белсенділігін арттыру бойынша шаралардың бірі ретінде «Самрұк» Холдингі» құрамына кіретін компаниялардың акцияларының бөлігін көптеген адамдар арасында орналастыруды көрсетуге болады, «Қазақтелеком» АҚ-ның «Қазпошта» АҚ-ның трансфер-агенттік желісі арқылы халыққа акцияларының 4% ұсынуы осындай мысалдардың бірі болып табылады. Бұл шара іс-әрекеті халыққа кеңінен танымал компанияларды жекешелендіру арқылы халықтың қызығушылығын арттыру жолындағы алғашқы шара болып табылады.

Халықтың қаржы инструменттері мен олардың қолжетімділігі туралы білімін арттыру мәселелерін шешу үшін біріқатар шаралар атқару қажет: қаржы қызметтерін пайдаланушылардың білім деңгейін арттыру, халықтың жеке жинақтарының мобилизациясы, жеке тұлға болып табылатын инвесторларды оқыту мақсатында халық үшін ең беделді саналатын мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қаржылық мәдениетті насихаттау.

5.5.

Нақты секторды қаржыландыруға қажетті ақша ресурстарын тарту бойынша АӨҚО міндетін орындау үшін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жаңа қаржы инструменттері мен қор технологияларын дамыту қажет. Агенттік қаржы инструменттері спектрінің әрі қарай кеңеюіне және биржа нарығында өтімділікті арттыру бойынша шаралар қабылдайтын болады. Негізгі іс-әрекет нарық капитализациясының әрі қарай өсуі мен қарыз инструменттерінің тізімінің артуына бағытталатын болады.

Ұйымдастырылған қор нарығында жаңа қаржы инструменттерін дамытып, қор технологияларын енгізіп, инвестициялық тәуекелдерді әртараптандыру үшін келесі жағдайлар қажет:

- Алғашқы кезеңде ірі жобаларға көмек көрсету және оларды қаржыландыруды ұйымдастыру (инфрақұрылымдық, құрылымдық және секьюриттелген облигациялар);
- Коммерциялық бағалы қағаздар нарығын дамыту;
- Корпоративтік облигациялар нарығын әрі қарай дамыту – АӨҚО корпоративтік облигациялар шығарудың жылдық көлемі 2010 жылы 8 млрд. долларды құрайды деп күтілуде, оның ішіндегі қазақстандық эмитенттердің шығару көлемі 6 млрд. долларды құрауы тиіс;
- Бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының «Секьюриттеу туралы» заңына сәйкес шығаруды іске асыру арқылы қаржылардың қайтымдылығын қамтамасыз ету және кәсіпорындардың қарыздық міндеттемелерін секьюриттеу;
- Айналымда жүрген бағалы қағаздар, валюта мен тауарларға (бидай, алтын, мұнай) туынды қаржы инструменттерін шығару;
- Биржа айналымындағы өндірістік кәсіпорындардың акцияларымен берілген, қор биржаларында (Exchange Traded Funds) айналымда жүрген инвестициялық қорлардың акцияларын пайдалану;
- әр түрлі тәуекелдер құрылымына байланысты құрылымдық ноттар пайдалану;
- «Самұрық» Холдингі» АҚ құрамына кіретін мемлекеттік компаниялардың акцияларын жеке инвесторлардың кең көлеміне арнап шығару;
- Тәуекелсіз бағалы қағаздардың табыстылық қисығы мен теңгелік бенчмаркін құру;

Сондай-ақ қаржы орталығының қызметінің кеңейту үшін келесі жағдайларды қарастыру қажет:

- Қаржы қызметтерінің түрлерін арттыру арқылы АӨҚО территориясында рұқсат етілген іс-әрекет түрлерін көбейту, мысал үшін, Ислам принциптерімен сәйкес келетін қаржы қызметтерін енгізу және т.б.
- Инвестициялық кеңес беру инфрақұрылымын дамыту;
- Эмитенттердің бағалы қағаздар нарығына шығумен байланысты шығындар көлемін төмендету;
- Интернет желісін пайдалану арқылы сауда операцияларын іске асыру үшін негіз қалыптастыру.

5.6.

ҚҚА-мен біріге отырып бағалы қағаздар нарығы мен қаржы орталығын мемлекеттік реттеу бойынша жұмыс әрі қарай жалғасын табуы тиіс. Шаралар кешені қаржы инструменттерін дамыту мен енгізуге, кәсіби қатысушылардың қызметінің стандарттары мен капитализациясын арттыру, листинг ережелері мен АӨҚО арнайы сауда алаңына бағалы қағаздарды шығаруды және инвесторлардың құқықтарын қорғауды жетілдіру.

Қаржы орталығының қызметі халықаралық стандарттар мен Еуропаның бағалы қағаздар бойынша директиваларына сәйкес болуы қажет. Заңсыз жолмен табылған табыстарды заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы заң қабылданып, қаржы орталығын басқа мақсаттарда пайдалану мәселелерін реттеуге қатысты сәйкес нормативті-құқықтық актілер қабылдануы тиіс. Қаржы орталығындағы жұмысқа танымал брокерлер мен дилерлерді тарту және олардың қызметін реттеу.

Инвестициялық іс-әрекетті құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында қаржы институттарының пікірлерін ескере отырып Қазақстан Республикасының заңдарын талдаудан өткізу нәтижелері бойынша корпоративтік басқару, қор биржасының коммерциялық ұйым ретінде функциялауы мәселелері бойынша заңнамалық актілерге толықтырулар енгізілетін болады.

Бұқаралық және өтімді қор нарығын құру үшін ең алдымен бағалы қағаздар нарығының операциялық құрылымын жетілдіру қажет, ол үшін АӨҚО брокерлік және дилерлік компаниялардың капитализациясын деңгейлетіп арттыру арқылы брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен шұғылданатын ұйымдардың қаржылық тәуекелдерін реттеуге көмек көрсетуі қажет. Нарықта ірі қатысушылардың шағын топтардың операцияларына шоғырлануын төмендетуді қамтамасыз ету қажет (бәсекелессіздікке, табыстылықтың жасанды деңгейіне әкелетін, нарықтың *олигополистігін* болдырмау).

Сонымен қатар, қазіргі кезде аудитке шыққан шығынның орнын толтыру түрінде ұсынылған қаржы орталығының арнайы сауда алаңында листингтен өтуге тартылатын бағалы қағаздардың эмитенттеріне арналған жеңілдіктер жүйесін әрі қарай жетілдіру қажет. Аудит шығындарының орнын толтыру мемлекеттік бюджет арқылы іске асырылатындықтан бұл шараның іске асуы көп уақыт алады, нәтижесінде эмитенттерді тарту үшін тиімді емес болып шығады.

Агенттік сонымен қатар АӨҚО алаңына шығу үшін эмитенттер мен олардың қаржы инструменттеріне қойылатын талаптарды жетілдіру бойынша шараларды жалғастыратын болады. Нақты айтқанда ірі, орташа және венчурлік компаниялар үшін бірнеше алаң құру жоспарланып отыр.

5.7.

Қазақстанның өңірлік көшбасшыға айналу міндеті қаржы орталығын дамыту бойынша қаржы секторы мен мемлекеттік құрылымдардың біріккен күш-жігерін талап етеді. Алматы қаласының ТМД елдері мен Орталық Азия үшін жаңа қаржы астанасы ретінде дамуы үшін өңірлік қаржы орталығының бәсекелестікке қабілеттілігін бекіту қажет. Бұл үшін Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту, жағымды инвестициялық бедел қалыптастыру, елдің кредиттік рейтингін жоғарылату, орталық пен қаланың инфрақұрылымын дамыту, елде және шетелде қаржы орталығының қызметін жария ету бойынша кең ақпараттық және жарнамалық бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар қолдануды талап етеді.

Осы мақсаттарда қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру мен республиканың шетелдегі инвестициялық беделін жария етуге жауапты мемлекеттік органдар мен институттармен біріккен шаралар өткізу қажет.

Инвестицияларды мемлекеттік ақпараттық демеу жүйесін құру үшін қажеттілер:

- Қазақстан Республикасына инвестициялауды ынталандыруға, қаржы орталығындағы жұмысқа тартуға, оның функциялау принциптерін түсіндіруге бағытталған үздіксіз ақпараттық кампаниялар өткізу, бұл презентациялар, семинарлар, нарықтың әлеуетті қатысушыларына арналған салалық конференциялар өткізуді қажет етеді.

- Қаржы орталығының қызметін және оның қатысушыларының АӨҚО тіркелу процессінде үздіксіз ақпараттық демеу көрсетіп, кері байланысты қамтамасыз ету;

- Қазақстандық кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларына ақпараттық демеу көрсету үшін арнайы теле- және радиобағдарламалар дайындау, АӨҚО-ның халықаралық ақпараттық кеңістікке кірігуі мақсатында CNBC, РБК және ВВС сияқты халықаралық бизнес-арналарында телебағдарламалар ұйымдастыру;

- Бизнес-жоспар дайындап, журналдардың жұмысын ұйымдастыру;

- Шетел инвесторлары мен халықаралық қор нарығының кәсіби қатысушыларын қазақстандық капитаы нарығына тарту мен қызығушылығын тудыру мақсатында халықаралық ақпараттық кеңістікте қаржы орталығының қызметін үздіксіз ақпараттық демеумен қамтамасыз ететін спутниктік телеарна түзу;

- Айына бір рет шығып тұратын қаржы орталығының қызметі туралы мерзімдік ақпараттық-аналитикалық хабаршысының негізін қалау;

- Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа арналған қор нарығы туралы тұрақты бағдарламалар жасау және студенттер мен оқушыларға міндетті қаржылық білім беру.

Қаржы орталығының қызметін баспасөз беттерінде жариялау мен шетелдік қатысушылар үшін қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін Агенттік қала әкімшілігімен біріге отырып PR және жарнамалық кампаниялар жүргізу қажет. Сондай-ақ мұндай шаралар тізіміне өңірлік қаржы орталығын білім беру дәрістерін, семинарлар, ағылшын тілін меңгеруді тексеру бойынша конкурстар арқылы белсенді түрде насихаттау енуі қажет. Ақпараттың қолжетімділігі мен халықтың кеңінен қатысуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік сайты пайдалану қажет. Қазақстандық өңірлік эмитенттерді кеңінен тарту үшін облыс әкімшіліктері мен облыстық телевизия мен газеттердің көмегін пайдалану қажет.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімшілігімен қала инфрақұрылымын жақсарту, телекоммуникациялық жабдықталу мен Интернеттің қолжетімділігінің мүмкіндіктерін жетілдіру, жолдарды жақсарту, қосымша қонақ үйлер салу, қоғамдық тамақтану орындарын салу бойынша жұмыстар атқаруы қажет. Жаңа жұмыс орындарын түзу серік-қалалардың дамуына әкелуі тиіс, бұл қалалар Алматы қаласының инфрақұрылымына қызмет көрсету, халықты жұмыспен қамту мәселелерімен айналысатын болады.

Қаржы саласының мамандарын әрі қарай дамыту мен біліктіліктерін арттыру сферасында Қазақстанда және шетелде оқуға, соның ішінде «Болашақ» бағдарламасы арқылы оқыту және мемлекеттік жоғары оқу орындарында «корпоративтік

қаржыландыру», «банк ісі» және «қаржылық тәуекелдерді басқару» мамандықтары бойынша мемлекеттік гранттар беру арқылы қажетті шаралар іске асыру қажет.

Қазақстанның іскерлік қауымдастығының ақпараттану деңгейімен және де Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі өткізетін шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында толыққанды жариялау үшін профильдік медиалық ресурс құрған жөн деп санаймыз. Мұндай құрылымының пайда болуы Агенттіктің даму қарқындарын жеделдетумен қатар Республика халқының экономикалық білімінің жалпы деңгейін жақсартуға көмектесетін болады. Бұл жобаның табысты түрде іске асуы инвестициялық қауымдастық тұрақты түрде АӨҚО мен оның эмитенттері, қаржы инструменттері, сауда алаңы мен жаңа ашылып жатқан инвестициялық мүмкіндіктер туралы нақты ақпаратты алу мүмкіндігімен байланысты. Эмитенттер мен республика халқының қаржы нарығы мен бағалы қағаздар туралы білімінің деңгейін арттыру мақсатында түсіндірмелік және насихаттау жұмысын жүргізу қажет болып отыр.

Қасқа мерзімдер мен алынған міндеттердің ауқымдылығы қаржы орталығының қызметі туралы ақпаратты қарқынды түрде таратуды талап етеді. АӨҚО ең қысқа мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану көлемдерін арттыруы тиіс. 2008 жылға жоспарланған АӨҚО дамыту бойынша мақсаттарды іске асыру үшін 2007 жылдың екінші жартысынан кең ауқымды ақпараттық-жарнамалық акциясын бастау қажет.

Медиа-холдинг құру үшін әрекет етіп отырған компаниялардың бөліктерін сатып алу арқылы іске асырған тиімді. Бұл Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастырумен байланысты міндеттерді іске асырудың уақыттарын қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда қор нарығы сферасында жұмыс істейтін мамандар дайындайтын тиімді отандық жүйе қалыптаспаған. Берілген қажеттілік негізінен шетелдік магистратура деңгейінде және батыстық бизнес-мектептері, университеттері, қаржы-аналитикалық және кеңес беру компанияларының негізінде қаланған қысқа мерзімдік курстарында оқыту арқылы қанағаттандырылады. Қазақстанда қор нарығы аймағы үшін жоғары кәсіби мамандар дайындайтын білім беру орталығы «АӨҚО Академиясы» АҚ құру қажет. Берілген білім беру орталығы өз іс-әрекетінде жаңа білім беру бағдарламаларын Қазақстан қор нарығындағы жұмыс ерекшеліктеріне бейімдей отырып халықаралық деңгейдегі жетекші білім беру мекемелерінің тәжірибесін қолдануы қажет. Берілген аймақта жаңа оқыту бағдарламаларын құрумен қатар оқытушылар құрамына да ерекше назар аударған жөн. «АӨҚО Академиясы» АҚ оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде білікті отандық және шетелдік оқытушылармен жүргізілуі тиіс. «АӨҚО Академиясы» АҚ құру мен оқыту бағдарламаларын бастаумен байланысты шығындар мемлекеттік қаражат есебінен төленетін болады және бұл сома 100 млн. теңгеден аспауы тиіс. 2009 жылы мемлекет Қор нарығының институтын құру мақсатында қаржы мекемелеріне үлесін сатып алуды ұсына отырып салынған қаражаттарының бөлігін қайтарып алуы мүмкін

5.8.

-

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылдың 1 наурызындағы «Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қатарына қосылу стратегиясы» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын орындаудың Желілік кестесімен операцияларды жүргізу үшін қажетті техникалық инфрақұрылыммен жадықталған қаржы орталығының арнайы сауда алаңын құру қарастырылған.

Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» Заңына сәйкес Алматы қаласының территориясында функциялайтын қор биржасының сауда алаңы қаржы орталығының арнайы сауда алаңы болып табылады. Қазіргі уақытта «Қазақстан қор биржасы» АҚ Алматы қаласының территориясындағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бірақ та оның материалды-техникалық жағдайы бағалы қағаздар нарығының халықаралық кәсіби қатысушыларын тартуды ескеретін болсақ қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды.

Сондықтан да, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қызметінің кешенді дамуы мен халықаралық тәжірибені, және Агенттік мемлекеттік орган ретінде операциялық (коммерциялық) іс-әрекетпен айналыса алмайтынын ескере отырып 2007 жылы 100% мемлекет қатысуымен акционерлік қоғам түріндегі коммерциялық ұйым – «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» АҚ-мын құру жоспарланған.

«АӨҚО» АҚ мүлкі республикалық бюджеттен 2007-2010 жылдарға арналып бөлінетін қаражат есебінен құралады және сол арқылы оның жарғылық капиталы мен функциялауы қалыптастырылады.

«АӨҚО» АҚ қызметінің негізгі бағыттары келесідей болады:

қаржы орталығының инфрақұрылымын дамыту, демеу және әкімшілік ету;

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңын дамытуға және басқаруға қатысу;

қаржы орталығының қатысушыларына риэлторлық, рекрутингтік, кеңес беру және ақпараттық қызмет көрсету;

бағалы қағаздар бойынша жасалынған келісімшарттар бойынша ақпараттық-аналитикалық шолулар дайындау;

меркетингтік зерттеулер жүргізу.

«АӨҚО» АҚ мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен құрылған. Алғашқы кезеңде «АӨҚО» АҚ қызметін қамтамасыз ету, қаржы орталығының инфрақұрылымын құруға бағытталған «АӨҚО» АҚ жарғылық қоры республикалық бюджет есебінен қалыптастырылады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының инфрақұрылымын дамыту үшін Алматы қаласының территориясында инфрақұрылымы толық бизнес-орталығын (кеңселер) түзу қажет. Бизнес-орталығын құру, әкімшілік ету және функциялауын қамтамасыз ету және соған байланысты қызметтің барлық түрін көрсету отандық және шетелдік институционалды инвесторларға жетекші әлемдік қаржы орталықтарымен салыстыруға келетін жағдайлар туғызуға мүмкіндік береді және бұл өз кезегінде мемлекет экономикасына батыстық инвесторлардың қызығушылығын арттырып, қосымша инвестиция тартып биржаның әрі қарай капитализациясына жағымды әсерін тигізетін болады.

6.

Бағдарламаның іске асуын «Самұрық» Холдингі» АҚ мен «ТДҚ «Қазына» АҚ кіретін компаниялар мен мемлекеттік органдармен бірігіп өткізетін шараларды іске асыруға сәйкес нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру арқылы қамтамасыз етуге болады, сонымен қатар әр қаржылық жылға бөлек нақтыланатын республикалық бюджеттің қаражатын талап ететін болады:

2007 жылы – 2,04 млрд. теңге (2007 ж. республикалық бюджет қаражатынан);

2008 жылы – 5,4 млрд. теңге (2008 ж. республикалық бюджет қаражатынан);

2009 жылы – 1,4 млрд. теңге (2009 ж. республикалық бюджет қаражатынан);

2010 жылы – 1,5 млрд. теңге (2007 ж. республикалық бюджет қаражатынан);

7.

Берілген даму бағдарламасын іске асыру Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес және Қазақстанның қаржы секторының халықаралық капитал нарықтарымен интеграциясын қамтамасыз ететін қаржы орталығын құрып және дамытып, елге шетелдік және отандық инвестицияларды тартып, Қазақстан капиталын сыртқа шығару үшін жағдайлар жасап, Қазақстандық бағалы қағаздар нарығын әрі қарай дамытып оның капитализациясы мен өтімділігін арттырып, бағалы қағаздар нарығына орташа компаниялар мен жеке тұлғаларды инвестор ретінде тартуға мүмкіндік береді.

2007-2010 жылдар аралығында инвестициялар тартудың тиімділігін арттыру, отандық қор нарығы капитализациясын 2-3 ретке және 2006 жылмен салыстырғанда отандық және шетелдік эмитенттер санын 3-4 есе арттыру Бағдарламаның барлық ережелерін қаржыландыру мен іске асырудың нәтижесі болмақ.

АӨҚО дамыту Бағдарламасын іске асыру келесі жағдайлардың іске асуына көмектесетін болады:

- Қазақстанның өңірлік іскерлік орталығы ретінде маңыздылығының артуы, бүтіндей мемлекеттің жағымды инвестициялық беделі мен Алматы қаласының Орталық Азия мен ТМД елдері үшін қаржы және ақпараттық астанасы ретінде келбетін қалыптастыру;
- Ұлттық қауіпсіздікті жақсарту, елдің сыртқы қаржы дағдарыстарына тұрақтылығын, отандық қаржы нарығының бәсекелестікке қабілеттілігін дамыту;
- Теңдестірілген отандық капитал нарығын түзіп, азаматтардың өмірінің деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ететін экономика салаларын дамыту және мемлекет экономикасын әртараптандыру;
- Халықаралық стандарттарға сәйкес және отандық және шетелдік инвесторларды, эмитенттерді және кәсіби қатысушыларды (брокерлер мен дилерлер) тартуға қабілетті қаржы орталығын дамыту;
- Отандық және шетелдік капитал нарықтарының интеграциясы, корпоративтік басқару принциптерін, жаңа қаржы инструменттері мен қор технологияларын дамыту және мемлекеттің қаржы секторына енгізу;
- Алматы қаласының инфрақұрылымын жақсарту, телекоммуникациялық жүйе мен Интернетке қолжетімділікті жетілдіру, көлік пен туризмді дамыту үшін жағдайлар жасау, жоғары қосымша құн беретін салаларда жұмыс істейтін жоғары кәсіби мамандар санын арттыру;
- Халықтың ішкі жинақтарын экономиканың нақты секторы мен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға тарту, Қазақстанның капитал нарығына орташа компаниялардың қолжетімділігін арттыру;
- Экономиканың қызмет көрсету салаларының өсу қарқындарын арттыру.

Алматы қаласының қаржы орталығының халықаралық қаржы нарығында Азия, Батыс Еуропа мен ТМД елдері арасындағы негізгі капитал ағымдарының транзиті мен шоғырлануына арналған жаңа сегменті ретінде дамуы Бағдарламаны іске асырудан күтетін нәтиже болады.

8.

2010

N /)	.
1	2	3	4	5	6	7
1.						
1.1	Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңын дамыту мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Заң басқармасы, Тіркеу департаменті, Даму департаменті	2007 жылдың III-тоқсаны	-	-
1.2.	«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» акционерлік қоғамын құру	Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулысының Жобасы	Тіркеу департаменті, Заң басқармасы	2007 жылдың I-тоқсаны	1 500	2007 жылға арналған республикалық бюджет қаржысы
1.3.	«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының техникалық инфрақұрылымын бағалау	Кеңесшілердің қорытындысы	Даму департаменті	2007 жылдың I-тоқсаны	-	-
1.4.	«Қазақстан қор биржасы» АҚ коммерциялық ұйымға айналған соң акцияларының 25 %-дық пакетін сатып алу	«Қазақстан қор биржасы» АҚ акцияларын сатып алу бойынша келісімшартты тіркеу	«АӨҚО» АҚ	2008 жыл	470	«АӨҚО» АҚ қаржысы
2.						
2.1.	Ұлттық рейтинг агенттігін құрудың механизмдерін анықтау	Жұмыстық тобының қорытындысы	Даму департаменті, «АӨҚО» АҚ	2007 жылдың I-тоқсаны	-	-
2.2.	Ұлттық рейтинг агенттігін құру	«АӨҚО» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы	«АӨҚО» АҚ	2007 жылдың IV-тоқсаны	178	«АӨҚО» АҚ қаржысы

3.						
3.1.	Брокерлік және дилерлік іс-әрекетпен шұғылданатын ұйымдардың жұмысын зерттеп, олардың тиімді функциялауын қамтамасыз ететін әкімшілік кедергілерді жою және қаржылық тұрақтылығын арттырып маркет-мейкер функцияларын дамыту	Қазақстан Республикасына ұсыныстар	Тіркеу департаменті, даму департаменті	2007 жылдың IV-тоқсаны	-	-
3.2.	Қазақстанның қор нарығында жұмыс істейтін және әлемдік қаржылық қауымдастыққа интеграциялану мақсатында халықаралық капиталдар нарығында жұмыс істейтін мамандар дайындау мен қайта дайындау бойынша оқу орталығы – «АӨҚО Академиясы» АҚ құру	«АӨҚО Академиясы» АҚ мемлекеттік тіркеу	«АӨҚО» АҚ	2007 жылдың IV-тоқсаны	100	«АӨҚО» АҚ қаржысы
4.						
4.1	Қаржы орталығының инвесторларын, эмитенттері мен қатысушылар спектрін өңірлік және халықаралық ауқымда арттыру Өңірлік қаржы орталығының қызметін ақпараттық қамсыздандыру	Қазақстанда және шетелде тікелей келіссөздер, конференциялар, «дөңгелек столдар» өткізу Сөз сөйлеу, жарнамалық роликтер, он-лайн анықтамаларын шығару, отандық және шетел БАҚ телерадиобағдарламалар орналастыру, білім беру дәрістері	Даму департаменті, Тіркеу департаменті, Әкімшілік-қаржы департаменті	2007 – 2011 жылдар	684	2007 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет қаражаты

		мен семинарларын өткізу, қаржы жаңалықтарын жеткізу сапасы бойынша газеттер арасында конкурс ұйымдастыру				
4.2.	АӨҚО халықаралық қаржы орталықтарына интеграциясы	Шетелдік мемлекеттердің қаржы орталықтарымен келісімдер	Даму департаменті	2007 – 2008 жылдар	-	-
4.3.	ТМД елдерінен эмитенттер мен инвесторлар тарту ісіндегі заңнамалық және әкімшілік кедергілерді талдап, мемлекетаралық деңгейде келіссөздер жүргізу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар Келіссөздер жүргізу	Даму департаменті, Заң басқармасы	2007-2008 жылдар	-	-
4.4.	Қазақстандық компанияларды бағалы қағаздар нарығына шығуына ынталандыру бойынша шаралар дайындау	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	Даму департаменті	2008-2009 жылдар	-	-
4.5.	Халық пен әлеуетті эмитенттерге өңірлік қаржы орталығының функциялауының принциптері мен қаржы инструменттерінің функциялау принциптерін түсіндіру	Астана, Алматы қалалары мен облыс әкімшіліктерімен Меморандум; Халық пен эмитенттерге арнап білім беру семинарларын өткізу;	Тіркеу департаменті	2007-2008 жылдар	-	-
4.6.	Жекеменшік кәсіпорындары субъектілерін арнайы сауда алаңына	Кездесулердің хаттамалары	Даму департаменті,	2008-2009 жылдар	-	-

	шығару бойынша шаралар жасап шығару мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен жұмыс жүргізу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	Тіркеу департаменті			
5.						
5.1.	«Самұрық» холдингі» акционерлік қоғамы мен «Қазына» тұрақты даму қорына кіретін компаниялардың қаржы орталығының қызметіне қатысуын қамтамасыз ету	Компанияларды қор нарығына шығару	Даму департаменті	2007-2010 жылдар	-	-
5.2.	АӨҚО алаңында қаржы тарту арқылы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін қаржы инструменттерін дайындау	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	Даму департаменті	2008-2010 жылдар	-	-
5.3.	Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына муниципалдық қарыз алу бөлігінде өзгертулер енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	Тіркеу департаменті, Заң басқармасы	2008 жыл	-	-
6.						
6.1.	Халыққа қаржы орталығы мен бағалы қағаздар нарығы туралы білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру	Радио/теле бағдарламалар дайындау	Әкімшілік-қаржы департаменті, Тіркеу департаменті	2007 – 2011 жылдар	316	-
6.2.	Интернет технологияларын пайдалана отырып сауда операцияларын іске асыру үшін жағдайлар жасау	Нормативтік-құқықтық актілер жобалары	Даму департаменті	2009 жыл	-	-
6.3.	Халықтың қаржыларын тарту мақсатында индекстік қорлар құру мәселесін қарастыру	Кеңесшілердің қорытындылары	Даму департаменті	2007 жылдың IV-тоқсаны		
7.						
7.1.	Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту мәселелері бойынша Қазақстан	Қазақстан Республикасының Заң жобасы	Заң басқармасы, Тіркеу департаменті	2008 жылдың IV-тоқсаны	-	-

	Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу					
7.2.	Агенттіктің стратегиялық жоспарын дайындау	Қазақстан Республикасы Жарғысының жобасы	Даму департаменті	2008 жылдың III-тоқсаны	-	-
7.3.	АӨҚО әрі қарай дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаны дайындау	Қазақстан Республикасы Жарғысының жобасы	Даму департаменті	2008 жылдың IV-тоқсаны	-	-
8.						
8.1.	Алматы қаласының инвестициялық тартымдылығын арттыру	Алматы қаласының әкімшілігіне ұсыныстар	Тіркеу департаменті, Әкімшілік-қаржы департаменті	Үздіксіз түрде	-	-
8.2.	Қазақстан Республикасының жағымды инвестициялық беделін қалыптастыру	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	Тіркеу департаменті, Әкімшілік-қаржы департаменті	Үздіксіз түрде	-	-
8.3.	Өздік медиаресурс құру	«АӨҚО-Медиа» ЖШС мемлекеттік тіркеу	«АӨҚО» АҚ	2007 жылдың IV-тоқсаны	-	-
9.						
9.1.	Инфрақұрылымы қалыптастырылған бизнес-орталығын сатып алу	Қабылдау-тапсыру актісі	«АӨҚО» АҚ	2008 – 2010 жылдар	4 158,841	Республикалық бюджет қаражаты
9.2	«АӨҚО» АҚ кеңсежайларына қызмет көрсету мен ағымдағы қызметін қамтамасыз ету бойынша шаралар		«АӨҚО» АҚ	2007 жыл	209,3	Республикалық бюджет қаражаты

